

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Лекция Президента РК Н.А.Назарбаева в КазНУ им. Аль-Фараби «Казахстан в посткризисном мире: интеллектуальный прорыв в будущее» (Алматы, 13 октября 2009 года);
2. Кодекс корпоративного управления, Совет Ассоциации финансистов Казахстана, Протокол №3, Алматы, 2005;
3. Принципы корпоративного управления ОЭСР, Франция, 1999;
4. Бухвалов А.В., Корпоративное управление как объект научных исследований, ж-л том 3, №3, 2005, С. 81-96;
5. Дугалова Г.Н., Карыбаев А.А., Глобализация мировой экономики и ее влияние на внешнюю торговлю Республики Казахстан: проблемы и перспективы, Алматы: Китап баспасы, 2008, с 25;
6. Corporate Governance in Asia, 2000 Asian Development Bank Institute, ADBI.

Поступила в редакцию 12.09.2009.

## Ш.Қ. ИСАҚҰЛОВА

## ГАЗЕТ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

*On this article considers the research of the newspaper style, the beauty of its language and norms of language culture.*

Еліміз егемендік алғалы бері Қазақстан халқының алдында тұрған ең бірінші мәселе мемлекеттің тәуелсіздігін баянды ету және шешуші факторлардың бірі және бастысы – қазақ ұлтының тарихи және мәдени мұраларын сақтау, құрметтеу болып отыр. Оның себебі ұлттың тұтастығын сақтай отырып, оның құдіреттілігін әлемге айғақтайтын осы аталған тарих пен мәдени мұра. Ал осы басты факторларды тану, білу тек ұлттық әдеби тілдің негізінде ғана жүзеге аспақ.

Соңғы ғасырда ғалымдар әлеуметтік-мәдени даму процесін тікелей ақпарат алмасу құралдарының өзгерістерімен байланыстырады. Мұндағы ақпарат құралдары деп отырғанымыз – тіл, баспасөз, ғылым, компьютер, теледидар т.б. Мысалы, канадалық ғалым М.Маклюэннің тезисі - «Мәселенің бәрі – ақпарат құралдарында!» (М.Маклюэн. Вся суть в средстве. Лондон, 1967). Ғалым адамзат дамуындағы қарым-қатынастың дамуын үш кезеңге бөледі: бірінші кезең – тас дәуіріндегі жабайылық кезеңі. Бұл кезеңде адамдардың өзара қарым-қатынас құралы – ауызекі сөз, тіл. Екінші кезең – жазу-сызудың пайда болуы, баспа ісінің дүниеге келуі. Ал, үшінші кезең немесе аудио-визуальды кеңістік кезеңі – жаңа қарым-қатынас құралдарын – телеграфты, радионы, телефонды, компьютерді және басқа ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін ала келді. Адамдардың көп ойланып, көп толғанатын кезден кеткен кезеңі осы дейді ғалым. Ал, тілдің коммуникация құралына айналған кезеңі адамдардың бір-біріне тікелей қатысты болып, үнемі байланыс жасап отыратын кезеңі екендігі ғалым атап көрсеткен екінші кезеңге тұспа-тұс келіп отыр. Расында да тіл – сананың, ойдың құралы ғана емес, тіл – адам болмысының ең негізгі тәсілі. Сондықтан да ХІХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап тілдің мәніне көзқарас өзгере бастады. Тіл – тек денотативті (белгілі, сигналдық) коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге коннотативті (әлеуметтік-мәдени, идеологиялық мәні бар) құрал екендігі анықталды. Демек, тілдің астарында сол тілде сөйлейтін халықтың тарихы, өмір тіршілігі, шаруашылығы мен мәдениеті жатыр.

Қазақтың ұлттық әдеби тілінің жетіліп, дамуына мәдениет, ғылым, қоғам

қайраткерлері зор үлес қосты. Қазақ сөз мәдениетінің дамуы мен оның пән ретінде қалыптасуының жайы жөніндегі ақпараттарды біз алғашқы қазақ тілі бойынша жазылған А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, т.б. еңбектерінен аламыз.

Қоғам өміріндегі әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрінің қызметінің өрістей түсуі “сөз мәдениеті” деген ғылыми-теориялық пәнді өмірге әкелді. Бұл, тікелей алғанда, әдеби тілдің тарихымен, жалпы құрылымымен тығыз байланыста келіп, қазақ тіл білімі ғылымындағы парадигмаға жаңаша көзқарас қалыптастырды. Қазақ әдеби тіліндегі сөз мәдениеті мәселесін көтерген М.Томанов, Е.Жанпейісов, М.Балақаев, Р.Сыздықова, т.б. болды. Бұл ғалымдардың еңбектері әдеби тілдің дәстүрлі нормалары жайлы бұрынғы қалыптасқан пікірлерге жаңа ғылыми тұжырымдар қосты.

Ел ішіндегі «көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып отырады» деп А.Байтұрсынов баға берген баспасөз тілі қазір «газет лексикасы» деп аталып жүр. Тіл біліміндегі бұл мәселе ғылым ретінде өз арнасын тапты деп айта аламыз.

Газет лексикасы мен оны зерттеу жұмысының алғашқысы ретінде қазақ баспасөзінің тілін зерттеген еңбек – Н.Қарашеваның ғылыми зерттеу жұмысы болды [1]. Ғалым «Айқап» журналының тіліне талдау жасай отырып, ондағы грамматикалық ерекшеліктерге тоқталды. Ал газет тіліне әдеби тіл нормасы тұрғысынан алғаш рет зерттеу жұмысын жазған Б.Әбілқасымов болды.

Көрнекті тілші-ғалым С.Исаев газет тілінің жанрлық-стистикалық ерекшеліктерін зертей келіп, ондағы мәдени қолданыстарға шолу жасаса, А.Алдашева, Қ.Қадырқұловтар баспасөз тіліндегі жаңа қолданыстарға зерттеу жұмысын жүргізді. Газет лексикасын жүйеге түсіріп, оның әдеби тілді дамытудағы рөлі Б.Момынованың еңбектерінде талданып өтті [2]. Ал, О.Бүркітов өзінің зерттеу жұмысында қазақ әдеби тілі стильдерінің бірі - публицистикалық стильге тоқталды [3].

Публицистикалық стильде жазылған шығармалар коммуникацияның түрі ретінде ең көп таралған және ол атқаратын міндеттердің әркелкілігіне орай, күрделі құбылыстардың бірі болып табылады. Газет тілі ақпараттық және үгіт-насихаттық функция атқарады. Сонымен қатар, газет тілі журналистің ойын экспрессивті түрде де жеткізеді де, осы тұста газеттің өзіндік стандарты мен штампы экспрессиямен тоғысады. Зерттеуші ғалымдар мұндай тоғысуды газетте «ойды нақты жеткізудің стильдік принципі» дейді (В.Г.Костомаров). Тағы да бір ескерте кететін жай, публицистикалық стильде жазылған шығармаларға императивтік (үстемдік) тән, өйткені ол көпшіліктің назарын аудару мақсатында жазылады (Б.Момынова).

А.Н.Гвоздев, сонымен қатар, бұл стильдің интеллектуалдықты, көркем тілдік құралдарды таңдап алу мен оларды орынды қолдануды талап ететінін [4,25.]. Ал, тілші ғалымдар А.Алдашева, Б.Момынова, О.Бүркітов, Г.Смағұлова т.б. газеттегі экспрессивті функцияны “Бағалауыш лексика” терминімен атаған. Б.Момынова бағалаушы субъектінің (коннотациялық объект) үш түрлі функция атқаратынын анықтайды, олар – танымдық, баға берушілік, және прагматикалық іс-әрекетпен байланысты квалификативті функция. Журналист газет мәтінінде коммуникативтік мақсатқа жету үшін осы бағалауыштық лексиканы, мәтіннің тақырыбын (заголовок), басқа да синтаксистік құралдарды іріктеп алады.

Газет әлеуметтік өмірдегі оқиғаларға тікелей араласып, пікір тудырып отыратын болғандықтан, оның тілдік ерекшеліктері қоғамдағы жағдайлардың қайсысын болмасын нақты әрі әсерлі суреттеуге тиіс болады. Газет тілінің оқырманды тәнті ететін көркемдігі мен ой-тұжырымының нақтылығы оны басқа стильдегі жанрлардан ерекшелендіреді. Әрбір журналист сондықтан да әлеуметтік шындықты терең түсіне отырып, шұғыл ойлауға, ой-тұжырымын да жылдам жасап, халыққа әсерлі жеткізуге міндетті (А.Н.Гвоздев).

Газет лексикасында тағы бір көңіл аударатын мәселе - журналистік еркіндіктің болуы. Газет тілін қаншалықты стандартты десек те, баспасөз бетінде оқырман мүддесін көздеу мақсатымен материалдарды тартымды етіп беру қажеттігі туындап отырады. Сол себепті газет жанрында да стильдік бояудың деңгейінің қалындағаны жөн. Бұл журналист осы мақсатты көздеп, қарапайым, ауызекі сөйлеу стиліне бой ұруға жол береді деген сөз емес, керісінше, халық тілін орынды пайдалана отырып, баспасөз тілінің талабынан (деректілік, ақпараттық сипат) алшақтамауы керек деген сөз. Қалай болғанда да журналистің басты мақсаты - идеялық көзқарас пен адамгершілік бағыттың айқын болуы, өмірде белең алып отырған аса маңызды мәселені көтеруі мен оны шешуге ат салысуы.

Публицистикалық шығармалар тілінің басты ерекшеліктері де бар екендігі белгілі. О.Бүркітов мұндай ерекшеліктерге материалдардың деректілігі мен көпшілікке түсінікті болуына қоса, материалдың оқырманға әсерлі болуын да атайды [3,10]. Ал, тілдің әсер етушілік ерекшелігі, ол тіл қолданудағы мәдениеттілікке келіп саяды. Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалардағы адам эмоцияның тілдік құралдар арқылы берілу жайы да зерттеушілердің назарын аударған (А.Мұсабекова). Өйткені газет материалдарының тақырыптары әр алуан, соған орай олардың эмоционалдығы да әрқилы болып келеді.

Тіл анағұрлым күрделі және көп қырлы құбылыс, ол зерттелгенде, тұтас күйінде емес, белгілі бір қырынан: логикалық, құрылымдық-жүйелік немесе психологиялық қырларынан зерттеледі. Бұл ғылыми танымның объектіні бөліп қарайтынының көрінісі. Газет лексикасын зерттеу барысында газет тілінің мәдениетін де тілдік норманы сақтап сөйлеу, дұрыс жазу ретінде қарастырған абзал. Алайда бұл ұғым-түсінікке тереңірек ой жүгіртсек, сөздік қоры дамыған оралымды, бай тілдің ұлт мәртебесін асқақтатуға, қарапайым сөйлеу тілінің сан түрлі бояуға қанығып, көркем, әдеби тілге айналуына мән бере қараймыз. Бұл – сөз жоқ, ұзақ процесс және оның газет тіліне де қатысы зор.

Баспасөз әлеуметтік өмірде болып жатқан оқиғалардың қай-қайсына болса да араласып, пікір тудырып отырады дедік. Ал, еліміз егемендігін алып, ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып отырған бүгінгі таңда қоғамдағы өзгерістерді оқырмандарға жеткізуде баспасөз басты тұлға болып отырғаны рас. Өйткені осынау өтпелі кезеңдегі түрлі жағдайларды оқырмандарға мақсатты түрде жеткізу мүмкіндігі газет тілінің еншісіне берілген.

Тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы – сөйлеу тілі. «Халықтың ауызекі сөйлеу тіліндегі қарапайым сөздердің экспрессиясы күшті болып келеді. Сондықтан олар, ең алдымен, өмірде қолданылатын сәттерінде кейіпкерлер тілінде бұлжытпай қолданылып келеді», - деген Р.Сыздық [5,220]. Публицистикалық шығармаларда автор кейіпкер бейнесінде келеді де, өзінің жеке-дара көзқарасын көрсетеді. Ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын тілдік құралдар газет материалының мазмұнын тереңдетеді және автордың көңіл күйін білдіреді. Қазақ тіліндегі сирек қолданылатын сөздер, сөйлеу тіліне тән тұрақты тіркестер, варваризмдер, қарғыс сөздер т.б. мақала авторының өзі баяндап отырған мәселеге көзқарасын айқындай түседі. Бір нәрсеге сүйсіну немесе жек көру, менсінбеу немесе мақтаныш т.б. сезімдер осылайша тіл қолданыстан айқын көрініп тұрады.

Мысалы, 90-жылдардың басында кенет, тез байып кеткен қазақ іскерлеріне берілген «жаңа қазақтар» ұғымы әр түрлі мағынада қолданылады. Біріншісі, кәсіпкер – элита да, екіншісі - кәсіпкер – жымқырушылар. «Жаңа қазақтар» метафорасының мағынасына талдау жасаған кезде, оны кімнің айтқаны, кімге арналып айтылғаны және кім туралы айтылғанына байланысты эмотивтік компоненттер айқындала түседі. Олар мысқылдау да, кемсіту де, құптау да, немесе құптамай, жек көру де болуы мүмкін. Бұған қоса бұл сөз тіркесі сын есім ретінде «бай» деген мағынаға да ие бола алады. Бірақ осы баспасөз

бетінде көрінген «жаңа қазақ» ұғымының тұрақты болып қалу, қалмауы болашақтың үлесінде. Орыс тілі арқылы тілімізге еніп отырған «жаңа қазақ» сөз тіркесі заман өзгерісіне орай қолданудан шығып қалса, оған таңдануға бола қоймас. Дегенмен, бұл сөз тіркесінің бүгінгі күні қазақ басылымдарының лексикалық қорына еніп отырғанын жоққа шығара алмаймыз.

Тағы бір ескеретін мәселе - бұқаралық ақпарат құралдарының күнделікті тәжірибесіндегі тіл қолданымдарының ішкі ерекшеліктері болатыны, сол сияқты табанда сұхбат алынатын жұмысшылар мен қызметкерлердің аузына әр кез сауатты, жатық, көркем тіл түсе бермейтіні. Бұл қазіргі баспасөздің жанрлық-стильдік ерекшеліктеріне жалпы сипаттама беру барысында баспасөз тілінің мәдениетіне тоқтала кетуді қажет етеді. Күнделікті баспасөз тілі, тұтастай алғанда, бұқаралық ақпарат құралдары, жоғарыда аталып өткендей, қазақ оқырманының сөз түзейтін негізгі арнасы. Сондықтан баспасөзде қазақ әдеби тілінің лексикалық-грамматикалық, емлелік нормаларының сақталуы аса маңызды.

Бұқаралық ақпарат құралдары - тілдік жүйені қалыптастырудың маңызды құралы және ол, біздің пайымдауымызша, мына жағдайлардан көрінеді:

- біріншіден, баспасөз, телеарна материалдары өздерінің ақпараттық мазмұнына сәйкес кең географиялық кеңістікті қамтиды, сондықтан да онда сол ортадағы сөйлеу тілінің жекелеген диалектілік элементтері көптеп кездеседі;

- екіншіден, кез-келген бұқаралық ақпарат құралдарының жарияланымдарында ресми ақпараттардан бастап, әртүрлі дәрежедегі лауазымды адамдармен жүргізілетін сұхбаттарға дейін ресми тілдің элементтері қатысып отырады;

- үшіншіден, журналистер кейбір мақалаларда суреттелетін оқиғалардың шытырмандық реңкін қанықтыра түсу үшін «жаргон» сөздер қолданады;

- төртіншіден, «Эйр Қазақстан», «Қазақ ойл» корпорациялары, «Шеврон», «Джелайн» компаниялары, маркетинг, менеджмент, «Паблик рилейшиз» тағы басқа мемлекеттік және бірлескен кәсіпорын атаулары, жарнама жаңалықтары сағат сайын, тіпті минут сайын ақпарат эфиріне тарайды;

- бесіншіден, кез-келген кәсіби басылымдар мен таралымдар сол салада қолданылатын терминдерді кейде өңдеп, кейде өңдемей ақпарат арнасына қосады (м: «Спорт+», «Европа+», «Шлягер» т.б.). Бұл көріністер спорттық басылымдар мен музыкалық арналарда жиі кездеседі. Олар сырт қарағанда, ешкімге күштеп таңылмайтын ақпараттық мәнге ғана ие хабарлар, атаулар, терминдер, кірме сөздер болып көрінеді. Олармен күнделікті тәжірибеде ылғи бетбе-бет кездесеміз, тыңдауға да үйренгенбіз, сондықтан оларды ауызекі сөйлеу тілінде де еркін қолданамыз да. Ал, олардың ұлт тіліндегі баламалары уақыт өткен сайын көмескіленіп, тіпті архаизмге айнала бастайды. Міне, бұл - бұқаралық ақпарат құралдары таралымдарындағы тілдік жүйенің қалыптасуына әсер ететін, көзге көрініп тұратын тиімді тұстары. Мұнан басқа хабарлардың әдеби тіл қорына елеусіз еніп, орнығып алып, бейне бір жаңа лептің бастауындай көрінетін тұстары да кездеседі.

Қазіргі қазақ жастарының тілі тым қарапайым, кей тұстары мүлде қарабайыр, олардың қолданатыны көбінесе жай сөйлемді тіркестер, әрі кетсе бірнеше еркін тіркестерден құралған күрделі сөйлемдер. Тіліміздегі «қол ұшын беру, көз қырын салу, бас-көз болу, жоғын жоқтау, қанатының астына алу» фразеологизмдері «көмектесу, қорғау, сүйеу» ұғымдарын білдіреді. Бірақ жастар мұның бірін де білмейді, білсе де қолданбайды. Олардың өз фразеологизмдері бар: әлгіндегі «қорғау», «сүйеу» дегендерді «танкісі бар» немесе «крышасы бар» деп те түсіндіріп жеткізеді. Кейде тұрақты сөз тіркестерін дыбыстық өзгеріске ұшыратып та айта береді. Мысалы, «айна-қатесіз» деген тұрақты тіркесті олар «айнадай қатесіз» деп те айта береді.

Сөйлеу тілінде кездесетін қате қолданыстар мына жағдайларда аңғарылады:

- сөздерді, тұрақты сөз тіркестер тобын әр түрлі нұсқамен айту кездесіп отырады. Мысалы, «Көкірегің текірек қаққызар» деген сөйлемдегі «көкірек» пен «текірек» сөздерінің екеуі шала білімді адамға екі түрлі ұғым болып көрінуі де мүмкін;

- үнемдеу тәсілі. Кейде тұтас сөйлемнің жартысы түсіріліп айтылады. Мысалы, «тіс жарып ешкімге айтпау» деген сөйлемнің алғашқы жартысы түсіріліп, «ешкімге айтпау» болып айтылуы жиі кездеседі;

- әдейі, бұзып сөйлеу, жаргондармен айту, мысалы: «Базар жоқ»;

- кейбір тұрақты тіркестердің өзін дұрыс білмеу. Мысалы, «тең теңімен, тезек қабымен», «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» деген тіркестердің мағынасын білмеген адам оны өз бетінше басқа нұсқаға әкеліп, «Қап қабымен, тұрымтай тұсымен» деп айтуы да кездеседі;

- жергілікті тіл ерекшеліктерін пайдалану.

Міне, осындай себептер - газет лексикасының ұсқынын кетіріп, бұқаралық ақпарат құралдарының бетінде тіл мәдениетіне қолдан нұқсан келтіретін жағдайлар. Әдеби тіл осылайша қойыртпаққа айналады.

Біздің айтайық деп отырғанымыз газет бетінде жарияланатын сөздік қор (газет лексикасы) әбден екшеліп, сұрыпталып пайдаланылуы керек. Газет материалы оқырман қауымына тұтастай түсінікті болғанда ғана өз мақсатына жетері сөзсіз. Оқушы түсінігіне қиындық әкелетін сөздер газет лексикасының қорына енбегені жөн. Б.Момынова: «... Газет тіліне тән ерекшеліктер әлеуметтік негізді болып келеді, белгілі бір мақсатқа қызмет етеді» дей келіп, оны әлеуметтік тұрғыдан бағалауыштық, жалпылама коммуникативті, мақсатты экспрессиялы деп үш топқа бөледі [2,79]. Бұдан ұғатынымыз, газет материалы сыни тұрғыдан да, қарым-қатынастық тұрғыдан да, сондай-ақ оқырманға беретін әсерлілігі тұрғысынан да аса маңызды.

Қазақ тілінің сөздік құрамында алуан мақсатта жұмсалатын неше мыңдаған сөздер бар. Жалпы халықтық, ауызекі, қарапайым сөйлеу тіліне тән сөздермен қоса, мамандық, кәсіпке қатысты қолданылатын және түрлі ғылым-білім саласына телінетін термин сөздер бар. Кәсіби сөздермен қатар, әр аймақтың өз қазағы ғана түсінетін, білетін, диалект сөздер де жиі кездеседі. Кез-келген ұлттың тұрмыс-тіршілігінен, салт-дәстүрінен, қала берді, ұлттық менталитетінен хабардар ететін тұрақты тіркестер де молшылық. Осының бәрін журналист тілшілер жеке игілігіміз деп есептеп, кейде оңды-солды қолданысқа түсіреді. Біз өз ұлтымыздың әдеби тілін аяқ асты етпеуіміз керек және ол өзімізге ғана байланысты. Енді кейбір газет беттерінен ұшырасқан фактілерге жүгінейік.

«Жас алаш» газеті – қазақ басылымдарының ішінде өз оқушыларын ұлт мүддесі тұрғысынан топтастыра білген мықты басылымдардың бірі. Жастарға арналған болса да бұл газет үлкен-кіші, жас-кәрі, түрлі мамандық иелері іздеп жүріп оқитын басылымға айналды. Алайда жасалаштықтар кейде әділдікті тура айтып, әрі принципке бару керек деп жағымсыз, қазақ сөздерін тым еркін қолданатын тұстары бар. Мысалы, «Жас алаш» газетінің 1999 жылғы 6 ақпандағы санында жарияланған М.Ақдәулетұлының «Көтеннің буффонадасы» деген мақаласындағы Котэн атты кейіпкер адамдарды еріксіз бақытты етемін дейтін жағымды кейіпкер, соған қарамастан қазақша аталуы анандай, сірә, мұнда редакция авторлық құқықты қалдырғанға ұқсайды.

Сол сияқты осы газеттің 1999 жылғы 20 сәуірдегі санының бірінші бетінде «Бізде өз еркімен отставкаға кету деген жоқ-ау, сірә, міндетті түрде біреу кет деуі керек, кет дегенше ешкім кетпейді. Креслоға көтені клейленіп қалғандай» деген сөйлемдерді оқығанда, ащы шындықты тауып айтқанына риза да боласың. Біраздан соң: «тура жол көрсететін газет беті осылай баттитып жаза берсе не болады? Қазақ болмысы әркез бейпіл, былапыт сөздерді тура айтудан сақтанып, сөйлеу мәдениетіне қатты мән беруші еді. Мынадай сөз қолданыс бірте-бірте әдетке айналып кетпесе игі еді» деген ой мазалай бастайды.

Соңғы жылдарда жалпы оқушы қауым, әсіресе жасөспірім балалар мұндай сөздерді өз араларында жиі қолдануға әуес екені белгілі. Олар түгіл, басқа тілді үйренушілердің арасында да былапыт сөз айтушылар кездесіп қалады. Ал, бұқаралық ақпарат тілінде осындай өрескелдіктің кездесуі ұлт тілінің мәдениетін өшірмесе, өсірмейді. Өйткені, бұқаралық ақпарат тілінде ұрпақ тілін тәрбиелеу міндеті де басым тұр. Қазіргі, адам өмірінің бүкіл рухани мәдениетін өтеуге көгілдір экран мен газет еркін бет бұрған заманда, мұны мойындамасқа шара жоқ. Ұлттық болмысымыз бен ұлтымыздың шешендік өнерін тіл арқылы ғана сақтай алатынымыз аян.

Жалпы мәдениет дегеніміз «бұл адамның ақылы, таланты, еңбек таңбалары бар бізді қоршаған заттар мен құбылыстар әлемі» [6,43]. Ғалымдар мәдениеттің бірнеше функциясын атайды және соның ішінде екеуі - «мәдениеттің рухани шығармашылықты өндіру қызметі» мен «коммуникативтік қызметі» - тікелей тілге байланысты. Біз шағын зерттеу мақаламызда қазақ тілінің әлеуметтік ахуалын жақсартып, мәртебесін көтерудің жалпы сөз мәдениетіне тікелей қатысы бар екенін анықтай түсуге тырыстық. Өйткені мәдениеті жоғары тіл ғана ұлттық тіл, мемлекеттік тіл ретінде қызметін мінсіз атқара алады. Осыған орай сөз мәдениетін зерттеу өзекті сипат алып, оның мынадай келелі-келелі мәселелерін айқындап, оларды ғылыми негізде шешуді күн тәртібіне қойылып отыр.

Газеттің қоғамымыздың дамуындағы рөлі айтып жеткізгісіз. Ол халқымызға ағарту саласында да, ақпарат жеткізу саласында да, қоғам өміріндегі қиын-қыстау сәттерде үгіт-насихат жүргізу саласында да мүмкіндігінше қызмет етіп келді, қазір де қызмет етуде. Қазіргі кезде осы газет тілінің ұлтымыздың әдеби тілін, жалпы тіл мәдениетін дамытуға қосып отырған үлесі қандай деген мәселе тереңдеп зерттеуді қажет етеді. Өйткені газет лексикасы - көпшілік назарындағы көрнекі жерде тұрған лексика.

Газет лексикасының әдеби дәстүрлі нормаларын сақтау, оның дамуындағы негізгі үрдістерді айқындау, газет тіліндегі жаңа нормалардың сипаттамасын жасаудың теориялық қағидалары мен басты ғылыми принциптерін қайта қарап, айқындау қазақ сөз мәдениетін зерттеудегі өзекті мәселелер болып табылады.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Қарашева Н. Грамматические особенности языка казахской публицистики начала XX века. Дисс. канд. филол. наук. -Алма-Ата: 1959.
2. Момынова Б. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). -Алматы: Арыс - 2000.-228 б.
3. Бүркітов О. Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі. Фил. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған дисс. -Алматы: 1996. – 25б.
4. Гвоздев А.Н. Очерки по стилистике русского языка. -Москва: Просвещение -1965.- 407 б.
5. Сыздық Р. Сөз құдіреті. -Алматы: Санат- 1997.- 224 б.
6. Төкенов Ө.С. Мәдениеттану негіздері. -Алматы: Дайк Пресс- 2001.

Редакцияға 9.11.2009 қабылданды.

**Г.К. ИБРАЕВА**

### **ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ПЕРСОНАЛА – ЭЛЕМЕНТ КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ**

К выводу о необходимости внедрения системы сбалансированных показателей компания приходит эволюционным путем в ходе решения задач по повышению